

**Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті, Қазақстан Республикасының Үкіметі кейбір шешімдерінің және Қазақ КСР Министрлер Кеңесі өкімдерінің күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 26 мамырдағы № 580 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті, Қазақстан Республикасының Үкіметі кейбір шешімдерінің және Қазақ КСР Министрлер Кеңесі өкімдерінің күші жойылды деп танылсын.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
	<i>К. Мәсімов</i>
Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң	
2 0 1 1	ж ы л ғ ы
№	5 3 0
қосымша	2 6
	м а м ы р д а ғ ы
	қ а у л ы с ы н а

**Күші жойылған Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті, Қазақстан Республикасының Үкіметі кейбір шешімдерінің және Қазақ КСР Министрлер Кеңесі өкімдерінің тізбесі**

1. «Сынақ полигондарын тексеру жөнінде үкіметтік комиссия құру туралы» Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 29 сәуірдегі № 398 қ а у л ы с ы .

2. «Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрлігінің орталық аппараты қызметкерлерінің санын көбейту туралы» Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 12 қаңтардағы № 30 қаулысы.

3. «Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің жекелеген мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 26 қаңтардағы № 6 5 қ а у л ы с ы .

4. «Әскери қызметшілерге азық-түлік нормасын ұлғайту және басқа үлес түрлерін беру туралы» Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 19 ш і л д е д е г і № 6 1 7 қ а у л ы с ы .

5. «Қазақстан Республикасының әскери қызметшілерін жабдықтау мен Қорғаныс министрлігін, Ішкі істер министрлігін, Ұлттық қауіпсіздік комитетін, Республикалық

ұланды және басқа да арнаулы әскери құрамаларды материалдық-техникалық қамтамасыз ету нормалары туралы» Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 24 тамыздағы № 958 қаулысы.

6. «Екі мәрте Кеңес Одағының Батыры Т.Ж. Бигелдинов атындағы Ақтөбе азаматтық авиация жоғары ұшқыштар училищесін екі мәрте Кеңес Одағының Батыры Т.Ж. Бигелдинов атындағы Ақтөбе жоғары әскери авиация училищесі етіп қайта құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 4 маусымдағы № 688 қаулысының 4-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., № 22, 229-қ ұ ж а т ) .

7. «Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «Жоғары әскери теңіз училищесі» мемлекеттік мекемесін құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 1 наурыздағы № 314 қаулысының 2-тармағы.

8. «Құрлық әскерлері әскери институтының мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 17 маусымдағы № 659 қаулысының 2-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., № 17, 193-құжат).

9. «Ұлттық қорғаныс университетінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 наурыздағы № 276 қаулысының 2-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., № 12, 134-құжат).

10. «Ұлттық қорғаныс университетінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 17 қарашадағы № 1209 қаулысы 2-тармағының 2 ) т а р м а қ ш а с ы .

11. «КСРО Қорғаныс министрлігінің әскери оқу орындарына конкурстан тыс қабылдау үшін жергілікті ұлттың жасөспірімдерін қабылдау жөнінде республикалық комиссия құру туралы» Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1990 жылғы 11 қаңтардағы № 2 - ө ө к і м і .

12. «Запастағы жауынгерлер мен интернационалистер туралы» Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1990 жылғы 14 тамыздағы № 180-ө өкімі.